

«Кеме шетелде сатып алынған жағдайда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру» мемлекеттік қызмет паспорты

Қызмет көрсетуші:

Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері.

Жұмыс кестесі:

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау сағат 09.30-дан 12.30-ға дейін, ал мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады. Сәрсенбі қабылдамайтын күн.

Веб-сайт:

шетелдегі мекемелердің сайттары

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдауды және олардың нәтижесін беруді жүзеге асыратын мекеме:

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:

қағаз түрінде

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

5 (бес) жұмыс күннен аспайды.

Қажетті құжаттар тізбесі:

1) жеке тұлғалар үшін:

еркін нысандағы өтініш; көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат; кемеге меншік құқығын растайтын құжат; кемеңі бұған дейін тіркеген мемлекеттің билік орындары берген кемеңің осы мемлекеттің кеме тізілімінен шығарылғанын және ипотека ауыртпалығы жоқтығын куәландыратын (егер мұндай жағдай өтініш берілгенге дейін орын алған болса) құжат; өлшем куәлігі; сыныптау куәлігі; жолаушы куәлігі (жолаушы кемелері үшін); егер көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі келе алмаса, көрсетілетін қызметті алушының атынан әрекет ету өкілеттігін растайтын құжат; консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;

2) заңды тұлғалар үшін:

еркін нысандағы өтініш (көрсетілетін қызметті алушының өкілі ұсынады); көрсетілетін қызметті алушының құрылтай құжаттары немесе белгіленген тәртіппен куәландырылған олардың көшірмелері; көрсетілетін қызметті алушының атынан әрекет ету өкілеттігін растайтын құжат; кемеге меншік құқығын растайтын құжат; кемеңі бұған дейін тіркеген мемлекеттің билік орындары берген кемеңің осы мемлекеттің кеме тізілімінен шығарылғанын және ипотека ауыртпалығы жоқтығын куәландыратын (егер мұндай жағдай өтініш берілгенге дейін орын алған болса) құжат; өлшем куәлігі; сыныптау куәлігі; жолаушы куәлігі (жолаушы кемелері үшін); консулдық алымның бюджетке төленгендігін растайтын құжаттың түпнұсқасы.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәлік

Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының нөмірі:

1414, 8 800 080 7777

* толық ақпаратты алу үшін мемлекеттік қызмет көрсету стандартымен танысуды сұраймыз